

*Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті  
Психология негіздері мен Коммуникативтік дағдылар кафедрасы*

# Қиял

**Орындаған: 1-001 топ, Ганиева А.Б.  
Тексерген: Мусабекова А.С.**

**Қарағанды 2016**

# ЖОСПАР:

1. Қиял туралы түсінік
2. Негізгі бөлім
  - а. Қиял түрлері
  - б. Ғалымдардың еңбектері
  - в. Қиял белгілерінің жасалу жолдары
  - г. Қиялды дамыту жолдары
3. Қорытынды
4. Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- **Қиял** — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс.



Адамдардың қиялына тән кейбір ерекшеліктерді төмендегіше топтастыруға болады:

1) әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығулары мен қасиеттеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болып келеді. Бұл арада суды аңсап шөлдеген жолаушының қиялы мен екі-үш күннен кейін емтихан тапсыратын студенттің машинасының тетігін жетілдіруді ойлап жүрген инженердің қиялын салыстырып көруге болады;

2) қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды;

3) қиял адамның өскен ортасына, этностық ерекшелігіне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты да көрініп отырады.

«Жаратылыстың құшағында,—деп жазады М. Жұмабаев, — меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті».

4) қиял адамның барлық психикалық құбылыстарымен ұштасып жататын процесс. Мәселен, алға қойған мақсатты жоспарлап, жүзеге асырудың жолдарын іздестіру қиялсыз мүмкін емес. Бұл - қиялдың ерікпен байланысына жақсы мысал. Қиялдың ойлау процесінде алатын орны ерекше. Өйткені ойлау белсенділігі адамды шығармашылық әрекетке жетелейді. Ал ондай әрекет қиялдың өте күшті дамуын қажет етеді. Ойлау мен қиял бір-бірімен тығыз байланысты. Жан қуаттарының осы екеуі де мәселені шешуге, сұраққа жауап беруге қатысады. Бірақ қиялда мәселені шешудің өзіндік ерекшелігі болады. Қиял — мәселені суреттеу, жанды көрініс арқылы шешсе, ойлау оны тірі суретсіз жалпылай, ұғым, пікір, тұжырым түрінде шешеді;

5) адам қиялы еңбек процесінде, іс-әрекет үстінде жарыққа шығып, дамып отырады. Мұндағы негізгі шарт: саналы мақсаттың болуы, болашақты болжай алу, істейтін еңбектің нәтижесін күні бұрын көре білу, яғни оны өңдеп, өзгертіп, елестете алу — адам қиялына тән негізгі белгілер. Қиялда адамның дүние жөніндегі әр түрлі таным-түсінігі әртүрлі формада қиюласып, жаңа сапаға ие болады. Қиял бейнелері адам қажеттігінен тәуелді бола тұрып, оны белсенді қызметке итермелейді, творчестволық ісіне күш-жігер қосады. Қиял тек теориялық және практикалық қызметте ғана емес ол адамның бүткіл рухани өмір жүйесінде елеулі орын алады. Кісінің өмір жолы, жеке басының ойдағыдай дамуы, даралық қасиеттері, іс-әрекетінің құрылымы, өмір салтының қалыптасуы мұнсыз мүмкін емес. Адам санасының жануар психикасынан басты айырмашылығы адамда ойлаумен қатар қиял әрекетінің олғандығында.

- Айдаһардың бейнесін Италияның атақты суретшісі Леонардо да Винчи қиял арқылы былайша суреттейді: «Көкжал аңшы иттің не жай иттің басын аламы, оған басқа мысықтың көзін саламыз, құлағы үкінікі болады, мұрыны тазынікі секілді, қасы арыстандікі, самайы — әтештікі, мойны суда жүзетін тасбақанікі сияқты». Осы бейненің өзі шындықта бар нәрселерді топтастыру арқылы туып отыр. Бірақ осы топтастыру нәтижесінде келіп шыққан тұтас образдың өзін көре білу үшін адамға ең күшті, өрен жүйрік қиял қажет. Қиял процесінің адам әрекетінің қандай саласында болмасын зор маңызы бар.



- Тіпті бала қиялындағы фантастикалық образдардың өзі де оның танымын кеңейтетіндігі, қоғамдық тәжірибені меңгеруге жағдай жасайтыны, мұның өзі баланың психологиясына қатты әсер ететіні байқалады. А. П. Чехов «Үйде» деген әңгімесінде осы жайлы өте жақсы көрсеткен.



- Бір кезде талантты орыс ғалымы Қ. Э. Циолковский (1857-1935) космосқа ұшуды армандап еді. Космос кораблімен аспан әлеміне тұңғыш жол салған Ю. Гагарин мен қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің және басқаларының ерліктері осындай шындықпен тығыз байланысты қиялдың іске асуы болып табылады.



Қиял түрлері



Активті



Пассивті



Қиялдық бүтіндей пассивтік түрінің шегі - Түс (физиология). Түс көрудің физиологиялығын жан-жақты түсіндіріп берген И. П. Павлов болды. Ұйқы кезінде ми клеткаларының бәрі тежелмейді, кейбір бөлімдері қозу жағдайында болып жұмыс істей береді. Мидың мұндай бөліктерін «күзетші пункт» деп атайды.

Актив қиялдың ерекше бір түрі — арман



# Қиял белгілерінің жасалу жолдары

- Қиял түрлері елестеулердің өзгеріп, өңделуінің арқасында жасалып отырады. Қиялда *анализ, синтез әдістері, агглютинация, схематизация түрлі схемалар мен суреттердің акцентировка* (образдың типтік басты белгілерін жасау) тәсілдері жиі қолданылады.

- **Анализ** - құраушы элементтерін зерттеу арқылы тұтасты зерттеу.
- **Синтез** (гр. ,*synthesis* құрастыру, тіркестіру) — берілген қасиеттерін ескере отырып, бүтінді құру
- Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі **агглютинация** деп аталады. Осы арқылы мифологиялық бейнелер (кентавр, сфинке, жезтырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың констуркциясы (амфибия, танк, судан алатын жеңіл танк, аэршона- суға қонып, ұша алатын самолет құрастырылады.

- **Гипербола** деп нәрсенің жеке сипаттары, белгілер үлкейтіліп көрсетілуін айтады. Гипербола белгілі бір бейнелердің алға шығып, айқын байқалуына жағдай жасайды. Ертегілерде, қиял-ғажайып бейнелерді жасауда гипербола көп қолданылады.



# Қиялды дамыту жолдары

Қиялдың алғашқы көріністері үш жасар бөбектерде байқалады. Мұны бөбектердің қызық ертекттерді шын ықыласымен берілуінен көреміз.

Қиял басқа да психологиялық процесстер сияқты сдамудың ұзақ жолынан өтеді.

Қиял дамыту дегенімізде ең алдымен әркім өзі қиялының аз немесе көп екенін, қай дәрежеде екенін білгені жөн. Қазіргі таңда ол үшін арнайы тесттер бар, олардың бірі шетелде қолданып жүрген «Сізде қиял бар?» ма деген тест.

Негізінен қиялды дамытуды балабақша немесе мектеп кезінен бастау керек. Ол үшін арнайы көркем әдебиеттер оқумен қатар, творчествалық қиялды көбірек пайдалану қажет.

# Қорытынды

Жоғарыда айтылып кеткендей, қиял күрделі психикалық процесс болып табылады. Қиял арқылы адам баласы көптеген жетістіктерге жетті. Кез келген техниканың қазіргі таңда болуы қиялдың жемісі болып табылады. Егер де, осыдан 30 жыл бұрын ұялы телефон болмаған, өзімен бірге ұстап жүретін қарым-қатынас гаджетті арман ғана болса, қазіргі таңда оның бәрі де шын. Қорыта айтқанда, қиял адамды қызықтыратын құрал болып табылады.

# Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B8%D1%8F%D0%BB>
2. [https://www.google.kz/search?q=%D0%B2%D0%BE%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5+%D0%B2+%D0%BF%D1%81%D0%B8%D1%85%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%B8&espv=2&biw=1366&bih=623&source=lnms&tbm=isch&sa=X&ved=0ahUKEwj57\\_TUqb\\_MAhXJWSwKHZF3A9EQ\\_AUIBigB#imgrc=\\_](https://www.google.kz/search?q=%D0%B2%D0%BE%D0%BE%D0%B1%D1%80%D0%B0%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5+%D0%B2+%D0%BF%D1%81%D0%B8%D1%85%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B8%D0%B8&espv=2&biw=1366&bih=623&source=lnms&tbm=isch&sa=X&ved=0ahUKEwj57_TUqb_MAhXJWSwKHZF3A9EQ_AUIBigB#imgrc=_)
3. Жарықбаев Құбығұл «Психология негіздері», Алматы, 2012